



Объединенные Нации
Права человека

Управление Верховного комиссара по правам человека

Жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейі құқығының бөлшегі ретінде жетімді тұрғын үй туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашының баяндамасы.
A/HRC/4/18 от 5 февраля 2007 г.

I-қосымша - ДАМУДЫ ОЙЛАСТЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚТЫ КӨШІРУГЕ ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУҒА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАР МЕН БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НҰСҚАУЛАР

Доклад Специального докладчика Организации Объединенных Наций по вопросу о достаточном жилище как компоненте права на достаточный жизненный уровень.
A/HRC/4/18 5 ақпан 2007 г.

Приложение I - ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И РУКОВОДЯЩИЕ УКАЗАНИЯ, КАСАЮЩИЕСЯ ВЫСЕЛЕНИЙ И ПЕРЕМЕЩЕНИЙ ПО СООБРАЖЕНИЯМ РАЗВИТИЯ





**Осы жарияланым Орталық Азия бойынша БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі
Жоғарғы комиссары Басқармасының Өңірлік
бөлімшесінің қолдауымен басылды.**

БҰҰ АҚЖКБ адам құқықтарын алға жылжыту және қорғау мақсаттарында бүкіл әлемде жұмыс істейді. Жоғарғы комиссардың мандаты Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 1993 ж. 20 желтоқсанда 48/141 қарармен белгіленген.

2008 ж. маусымда Орталық Азия бойынша БҰҰ АҚЖКБ Өңірлік бөлімшесін Бішкек қаласында құру туралы Қырғыз Республикасының Үкіметімен Келісімге қол қойды.

БҰҰ Жарғысына және осы Келісімде және Бас Ассамблеясында 1993 ж. 20 желтоқсанда 48/141 қарарда көзделген БҰҰ АҚЖКБ мандатына сәйкес Өңірлік бөлімше Орталық Азия елдеріндегі адам құқықтарын көтермелеу және қорғау мақсатында стратегияларды, бағдарламалар мен шараларды әзірлеуде және жүзеге асыруда мемлекеттік органдармен, үкіметаралық ұйымдармен, азаматтық қоғаммен, жеке секторлармен, сондай-ақ БҰҰ-дағы тиісті әріптестермен өзара іс-қимылдар жасауда.

БҰҰ АҚЖКБ туралы барынша толық ақпарат мынадай сайтта: www.ohchr.org

Мекенжайы:

Орталық Азия бойынша БҰҰ АҚЖКБ Өңірлік бөлімшесі
720040, Қырғыз Республикасы, Бішкек қ., Шу даңғылы, 160, БҰҰ үйі

Тел. + 996 312 612676, 612675

Факс. + 996 312 612673

**Жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейі құқығының бөлшегі ретінде жетімді тұрғын үй туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашының баяндамасы.
A/HRC/4/18 от 5 февраля 2007 г.**

**I-қосымша - ДАМУДЫ ОЙЛАСТЫРУ БОЙЫНША ХАЛЫҚТЫ
КӨШІРУГЕ ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУҒА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ
ҚАҒИДАТТАР МЕН БАСШЫЛЫҚҚА АЛАТЫН НҮСҚАУЛАР**

**Доклад Специального докладчика Организации Объединенных Наций
по вопросу о достаточном жилище как компоненте права
на достаточный жизненный уровень.
A/HRC/4/18 от 5 февраля 2007 г.**

**Приложение I - ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ И РУКОВОДЯЩИЕ
УКАЗАНИЯ, КАСАЮЩИЕСЯ ВЫСЕЛЕНИЙ И ПЕРЕМЕЩЕНИЙ
ПО СООБРАЖЕНИЯМ РАЗВИТИЯ**

МАЗМҰНЫ

Тармақтар(Абзацтар)

I. ІС-ӘРЕКЕТ ЕТУ САЛАСЫ ЖӘНЕ СИПАТЫ.....	4
II. ЖАЛПЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР	6
A. Міндеттерді алып жүрушілер және міндеттемелер сипаты	6
B. Адам құқықтары саласындағы негізгі қағидаттар	6
C. Мемлекеттік міндеттемелерді жүзеге асыру	7
D. Алдын алу стратегиялары, саясат және бағдарламалар	8
III. КӨШІРУ АЛДЫНДА	9
IV. КӨШІРУ БАРЫСЫНДА	11
V. КӨШІРІЛГЕННЕН KEЙІН: ЖЕДЕЛ КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУ	11
VI. ЕРІКСІЗ КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ.....	13
A. Өтемақы	14
B. Реституция және қайтып келу	14
C. Қоныстандыру және реабилитация	15
II. МОНИТОРИНГ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ШАРАЛАР	15
VIII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ РӨЛІ.....	15
IX. ТҮСІНДІРУ	16

Жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейі құқығының бөлшегі ретінде жеткілікті тұрғын үй туралы мәселе бойынша Арнайы баяндамашы туралы қысқаша ақпарат

Арнайы баяндамашы жеткілікті дәрежедегі тұрмыс деңгейі құқығының бөлшегі ретінде жеткілікті тұрғын үй мәселесі бойынша Адам құқықтары жөніндегі кеңес тағайындайтын тәуелсіз сарапшы болып табылады. Арнайы баяндамашының лауазымы құрметті лауазым болып табылады, сарапшы БҰҰ қызметкері емес және өзінің жұмысына сыйақы алмайды. Арнайы баяндамашылар Адам құқықтары жөніндегі кеңестің Арнайы рәсімдерінің бөлігі болып табылады.

Жеткілікті тұрғын үй мәселесі жөніндегі Арнайы баяндамашының мандаты бастапқыда 2000 жылғы сәуірде Адам құқықтары жөніндегі комиссияның 2000/9 қарарымен құрылған болатын. Комиссия 2006 жылғы маусымда Адам құқықтары жөніндегі кеңеске ауыстырылғаннан кейін бұл мандатқа 2007 жылғы 14 желтоқсандағы Адам құқықтары жөніндегі кеңестің 6/27 қарарымен қолдау көрсетілді және ұзартылды.

Мандаттың құқықтық негізі Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында (25-бап, 1-параграф), Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде (11-баптың 1-параграф), Балалар құқығы туралы конвенцияда (27- бап, 3-параграф), Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияда (14[h]- бап), Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияда (5[e]- бап) айқындалады.

Өз мандатының шеңберінде Арнайы баяндамашы:

- *Елдік ресми сапарларға шығу үшін іске кіріседі.*
- *Жеткілікті тұрғын үйге берілетін құқықты іске асыруға шешімдер әзірлеу үшін үкіметпен, азаматтық қоғаммен және басқа өкілдермен сындарлы сұхбаттар белгілейді.*
- *Түрлі елдердегі жеткілікті тұрғын үйге берілетін құқыққа қатысты болжамданған бұрмалаушылықтар туралы жеке хабарларды қарайды.*
- *Адам құқықтары жөніндегі кеңесті және Бас ассамблеяны мандат шеңберінде жыл сайын жүзеге асырылған қызметтер туралы ақпараты бар баяндамалармен таныстырады.*

2000 – 2008 жж. Арнайы баяндамашы **Милун Котари** мырза болды (Үндістан азаматы).

2008 ж. мамырда Арнайы баяндамашы болып **Ракель Рольник** ханым тағайындалды (Бразилия азаматы).

Арнайы баяндамашының мандаты туралы барынша толық ақпарат мынадай сайтта:

<http://www.ohchr.org/EN/Issues/Housing/Pages/HousingIndex.aspx>

I. ІС-ӘРЕКЕТ ЕТУ САЛАСЫ ЖӘНЕ СИПАТЫ

1. Мемлекеттердің үйлерден және жерден еріксіз көшіруден тартыну және жол бермеу міндеттемесі адамның жетімді тұрғын үйге және басқа сонымен аралас құқықтарына адам құқықтарын қорғайтын халықаралық құқықтық құралдары қатарынан келіп шығады. Оларға Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (11-баптың 1-тармағы), Бала құқықтары туралы конвенция (27-баптың 3-тармағы), н) Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы конвенцияның 14-бабы 2-тармағының кемсітушілікті қоспайтын ережесі және е) Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияның 5-бабы жатады.

2. Осындай басқа және Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 17-бабындағы адам құқықтарының бөлінбейтіндігі қағидатын ескере отырып, «әрбір адамның жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз озбырлық жасауына, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғуына, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтіруіне ұшырамайтындығы» айтылған. Осыған ұқсас ереже Бала құқықтары туралы конвенцияның 16-бабының 1-тармағында мазмұндалған. Басқа Халықаралық құқықтық актілердің қатарына Босқындар мәртебесі туралы 1951 жылғы конвенцияның 21-бабы; Халықаралық еңбек ұйымының байырғы халықтар және тәуелсіз елдерде тайпалық тұрмыс-салтын ұстанатын халықтар туралы № 169 конвенциясының 16-бабы (1989 жыл); және соғыс кезінде жай халықты қорғау туралы 1949 жылғы 12 тамыздағы Женева конвенциясының 49-бабы (төртінші Женева конвенциясы) жатады.

3. Осы басшылыққа алатын нұсқаулар дамуды ойластыру бойынша көшіру мен қалада және/немесе ауылдық аудандарда тиісті қоныстандыру салдарларын құқықтық қорғауға арналған. Бұл басшылыққа алатын нұсқаулар даму қажеттігінен туындаған халықты қоныстандырумен байланысты адам құқықтары саласындағы Тегіс қамтитын басшылыққа алатын қағидаттармен салыстырғанда бір қадам алға жылжуды білдіреді (E/CN.4/Sub.2/1997/7, қосымша). Олар адам құқықтары саласындағы халықаралық құқықтық нормаларға сүйенеді және Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитеттің № 4 (1991 жыл) Жалпы тәртіптегі ескертулерімен және № 7 (1997 жыл) Жалпы тәртіптегі ескертулерімен, Ел ішінде адамдарды қоныстандыру туралы мәселе бойынша басшылыққа алатын қағидаттармен (E/CN.4/1998/53/Add.2), Құқықтық қорғауға және адам құқықтары саласында халықаралық нормалары өрескел бұзылған және Бас Ассамблея өзінің 60/147 қарарында қабылдаған халықаралық гуманитарлық құқығы қатты бұзылған құрбандар үшін залалдың орнын толтыруға қатысты негізгі қағидаттармен және басшылыққа алатын ережелермен, Босқындардың және ішке қоныстандырылған адамдардың қайтып келуі контекстінде тұрғын үй және мүлік реституциясы қағидаттарымен келіседі (қараңыз E/CN.4/Sub.2/2005/17 және Add.1).

4. «Еріксіз көшіру» практикасындағы барлық тиісті анықтамаларды тиісті түрде есепке алғанда халықаралық құқық қорғау стандарттарының мәнмәтінінде осы басшылыққа алатын нұсқаулар жеке адамдарды, адамдар тобын немесе қауымды олардың үйлерінен және/немесе жерлерінен және олар пайдаланған немесе тәуелді болған, қоғамның игілігі болып табылатын ресурстардан айыру және сонымен қатар жеке адамдарды, адамдар тобын немесе қауымды нақты үй-жайларда, ғимараттарда тұру немесе жұмыс істеу мүмкіндігінен ішінара немесе толықтай айырған, оларға балама түрдегі құқықтық немесе өзге қорғаудан немесе осындай қорғауға рұқсат берместен, зорлап немесе еріксіз көшіруге әкеп соғатын іс-әрекетті және/немесе әрекетсіздікті қамтиды.¹

5. Еріксіз көшіру нақты халықаралық құқықтық ерекше құбылысты білдіреді, ол көбінесе жетімді тұрғын үй құқығына маңызды компоненттің бірі болып табылатын заңды пайдалану құқығының

¹ Еріксіз көшіруге тыйым салу заң талаптарына және адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес жүргізілген көшіруге қолданылмайды.

жоқтығымен байланысты. Еріксіз көшірудің ерікті қоныстандырумен² көп жағдайда, оның ішінде халықты қоныстандырумен, жаппай қуып шығумен, жаппай көшірумен, этникалық тазалаумен және адамдарды үйлерінен, жерлерінен немесе қауымынан күштеп және еріксіз көшірумен байланысқан өзге де практикамен жалпы ұқсас ортақтығы бар.

6. Еріксіз көшіру адамның тұтас бір қатар халықаралық танылған құқықтарының, оның ішінде жеткілікті тұрғын үйге, тамақтануға, суға, денсаулық сақтауға, білім алуға, еңбек қызметімен айналысуға, жеке қауіпсіздігіне және тұрғын үйге қол сұқпау құқықтарының, қатал және адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетін төмендетуге ұшырамау құқығының және еркін жүріп-тұру құқығының өрескел бұзылғандығын білдіреді. Көшіру заңды негізде, тек айрықша жағдайларда және халықаралық құқықтардың тиісті ережелерінде адам құқықтары мен халықаралық гуманитарлық құқықтар толық сақталғанда ғана жүргізілуі тиіс.

7. Еріксіз көшіру теңсіздікті, әлеуметтік жанжалдарды, сегрегацияны және «гетто» проблемаларын өршітеді, ал олардың құрбандары сөзсіз қоғамның кедей, әлеуметтік және экономикалық жағынан осал және маргиналды топтары, әсіресе әйелдер, балалар, азшылық және байырғы халықтар болады.

8. Осы басшылыққа алатын нұсқаулар мәнмәтінінде дамуды ойластыру бойынша көшіру жиі жоспарланады немесе «қоғамдық тұтынуды» қанағаттандыру айдарымен жүргізіледі, мысалы даму және инфрақұрылымдық жобалар бағдарламаларына (бөгеттер, өнеркәсіптік және энергетикалық объектілер құрылысымен, пайдалы қазбалар өндірумен байланысты ірі көлемдегі жобалар және т.б.); қала шаруашылығын жаңғыртуға, нашар үйлерді реконструкциялауға, тұрғын үй қорын жаңартуға, қалаларды абаттандыруға жер сатып алу немесе жер пайдаланудың өзге бағдарламаларына (оның ішінде ауылшаруашылық мақсаттардағы); мүліктік немесе жер дауларына; жылжымайтын мүлікті бақылаусыз алыпсатарлыққа; маңызды халықаралық іскерлік немесе спорттық іс-шараларға; және мүмкін табиғат қорғау міндеттеріне байланысты. Мұндай қызметтің даму мақсатына халықаралық көмекпен байланыста жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Қоршаған ортаның күйреуімен немесе нашарлауымен туындаған қоныстандыру, қоғамдық тәртіптің бұзылуымен, табиғи апаттармен немесе антропогендік апаттармен, шиеленістермен немесе тәртіпсіздіктермен, ішкі халықаралық немесе аралас жанжалдармен (ішкі және сыртқы өлшемдері бар) және төтенше жағдайлармен, ішкі зорлықпен және мәдени немесе дәстүрлі практиканың кейбір түрлерімен байланысты көшіру және эвакуация көбінесе қолданыстағы құқық қорғау және гуманитарлық стандарттар, оның ішінде жетімді тұрғын үйге құқық есепке алынбастан жүргізіледі. Сол уақытта мұндай ахуалдар осы басшылыққа алатын нұсқаулармен нақты қамтылмайтын қосымша ойластырудың тұтас бір қатарымен байланысты болуы, сонымен қатар осы мәнмәтінде қуатты, пайдалы бағдар ретінде қызмет етуі мүмкін. Бұл жағдайда құқықтық қорғау құқығына және адам құқықтары саласында халықаралық нормалардың өрескел бұзылуының және халықаралық гуманитарлық құқықтың маңызды бұзылуының құрбандары үшін залалдың орнын толтыруға қатысты Негізгі қағидаттар мен басшылыққа алатын ережелерге, ел ішінде адамдарды қоныстандыру туралы мәселе жөнінде басшылыққа алатын қағидаттарға және тұрғын үй реституциясы және босқындар мен қоныстандырылған адамдардың мүлкі мәселелері жөніндегі қағидаттарға назар аударылады.

10. Еріксіз көшіру жағдайлары түрлі ахуалдардың кең диапазонымен байланысты болуы мүмкін екендігін ескере отырып, осы басшылыққа алатын нұсқаулар көшіруді қолданыстағы құқық қорғау стандарттарын бұза отырып, яғни оларды шындығында «еріксіз» көшіруге айналдыра отырып дамуды ойластыру бойынша көшіру жүргізуге жол бермеу мақсатында шаралар мен рәсімдер таңдауда мемлекеттер үшін бағдар болуға арналған. Осы басшылыққа алатын нұсқаулар мемлекеттерге және

² Ел ішінде адамдарды қоныстандыру туралы мәселе бойынша басшылыққа алатын қағидаттардың алтыншы қағидатына сәйкес.

мекемелерге еріксіз көшіруден қорғауға кепілдік беретін саясат, заңнамалар, рәсімдер және алдын алу шараларын әзірлеуде, сондай-ақ алдын алу шараларына қарамастан адам құқықтары бұзылғандарға құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын беруге көмектеседі.

II. ЖАЛПЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

A. Міндеттерді алып жүрушілер және міндеттемелер сипаты

11. Түрлі субъектілер еріксіз көшірулерді жүргізе алатын, санкциялайтын, сұрайтын, ұсынатын, бастамашы болатын, ынталандыратын немесе қолдайтын болса да, мемлекет адам құқықтарының және гуманитарлық нормалардың сақталуын, сонымен қатар шарттарда және халықаралық жария құқықтардың жалпы қағидаттары мен осы басшылыққа алатын нұсқаулықтарда көрсетілген орындалуы міндетті деп бекітілген құқықтарды құрметтеуге кепілдік беруді қамтамасыз етуде басты жауапкершілік алады. Сол уақытта бұл басқа тараптарды, оның ішінде жобалардың басшылары мен қызметкерлерін, халықаралық қаржылық және басқа мекемелер мен ұйымдарды, трансұлттық немесе өзге корпорациялар мен жеке тұлғаларды, оның ішінде жеке жер иеленушілер мен жалға берушілерді жауапкершіліктен босатпайды.

12. Халықаралық құқыққа сәйкес мемлекет адамның барлық құқықтарын және негізгі бостандықтарын құрметтеуге, қорғауға және жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті. Бұл мемлекеттің елдің ішінде де, сондай-ақ елден тысқары жерлерде де адам құқықтарының бұзылуынан тартынуы тиістігін; мемлекеттердің заңды құқығында немесе нақты бақылауында тұрған басқа тараптар басқа адамдардың адам құқықтарын бұзбауына бақылау жасауды; және адам құқықтарын қорғау үшін алдын ала және өзге шаралар қабылдауды және құқықтары бұзылғандарға көмек көрсетуді білдіреді. Бұл міндеттемелердің тұрақты және бірмезгілді сипаты бар және ешқандай жағдайда қабылданатын шаралардың иерархиясын айқындамайды.

B. Адам құқықтары саласындағы негізгі қағидаттар

13. Адам құқықтарының халықаралық құқығына сәйкес әрбір адамның жеткілікті өмір сүру деңгейі құқығын құрайтындардың бірі ретінде жетімді тұрғын үйге құқығы бар. Жетімді тұрғын үй құқығына атап айтқанда, жеке және отбасылық өміріне негізсіз немесе заңсыз озбырлықтан, тұрғын жайына және заңды иелену құқығына қол сұғушылықтан қорғау құқығы қосылады.

14. Халықаралық құқықтарға сәйкес мемлекет еріксіз көшіруден қорғауға, сондай-ақ жетімді тұрғын үйге және барлық жұртты нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси, немесе басқа да наным-сеніміне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүліктік жәй-күйіне, туу немесе өзге де жағдаяттарына қарамастан, оларды қандай да бір кемсітушіліксіз иеленуге адам құқықтарына кепілдік беруге міндетті.

15. Мемлекет ерлер мен әйелдердің еріксіз көшірілуін қорғауға және осы басшылыққа алатын нұсқаулар талап ететіндей жетімді тұрғын үйге және оларды кепілдікті иеленуге тең құқықтарын қамтамасыз етуге міндетті.

16. Барлық адамдар, адамдар тобы немесе олардың қауымы жақсы немесе сапасы соған ұқсас балама жер теліміне және жеткіліктіліктің мынадай өлшемдері: қол жетімділік, бағасының қолайлылығы, тұруға жарамдылығы, иелену құқығының кепілдігі, мәдени барабарлығы, орналасқан жерінің ыңғайлылығы, денсаулық сақтау және білім беру сияқты маңызды қызметтердің қол жетімділігі қанағаттандырылуға

³ Қараңыз. № 4 жалпы тәртіптегі ескерту - Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет 1991 жылы қабылдаған жеткілікті тұрғын үйге құқық.

тиісті тұрғын үйге қоныстануға құқылы³.

17. Мемлекет еріксіз көшіруден қорғауға олардың құқықтарының бұзылғандығы немесе олардың бұзылу қаупі туралы мәлімдеген барлық адамдарға қорғаудың балама және тиімді құқықтық немесе өзге тиісті құралдарының қол жетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

18. Мемлекет еріксіз көшіруден заңды немесе нақты қорғаудан бас тартуды білдіретін кез келген алдын ала шаралар қабылдауда қалыс қалуға тиісті.

19. Мемлекет еріксіз көшіруге тыйым салуға қозғау салынып отырған халықтың этникалық, діни немесе нәсілдік құрамын ауыстыратын жөнсіз қоныстандыруға тыйым салудың жататынын тануға тиісті.

20. Мемлекет өзінің халықаралық саясатын және қызметін адам құқықтары саласындағы, оның ішінде даму мақсатында халықаралық көмек алу мен көрсету шеңберінде өзінің міндеттемелеріне сәйкес тұжырымдауға және жүзеге асыруға тиісті.

С. Мемлекеттік міндеттемелерді жүзеге асыру

21. Мемлекет көшіру тек айрықша жағдайларда жүргізілуі мүмкін екендігіне кепілдік береді. Адамның халықаралық-танылған құқықтарының кең аясына олардың теріс ықпалын ескере отырып, көшіру толығымен негізді болуы тиіс. Кез-келген көшіру а) заңмен рұқсат берілуге; б) Адам құқықтарының халықаралық құқықтары шеңберінде жүзеге асырылуға; с) тек жалпы игіліктер үшін жүргізілуге⁴; d) ақылға қонымды және барабар болуға; e) толық және әділ өтем жасау және оңалту мақсатында реттелуге; және f) осы басшылыққа алатын нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуге тиіс. Осы іс жүргізу талаптарының қорғаныштық іс-әрекеттері адамдардың барлық осал және көшірілетін топтарына ішкі құқықтары бойынша олардың үйге немесе мүлікке құқықтық лауазымдарының бар немесе жоқ екендігіне қарамастан қолданылады.

22. Мемлекет заңнамалық және адам құқықтары саласында олардың халықаралық міндеттемелерімен келіспейтін, көшіруге тыйым салатын саяси шаралар қабылдауға тиісті. Мемлекеттер тұрғын үйге немесе жерге ұмтылудан немесе оларды тәркілеуден, атап айтқанда мұндай іс-әрекеттер адам құқықтарын жүзеге асыруға ықпал етпейтіндіктен барынша қалыс қалуға тиісті. Мысалы, егер әңгіме жер реформасы немесе адамдардың барлық осал топтары немесе бақытсыздыққа ұшыраған адамдар немесе қауым туралы болып отырса, көшіру дұрыс деп танылуы мүмкін. Мемлекет кез келген мемлекеттік немесе жеке субъектілерге немесе қолданылатын құқықтық нормаларға немесе адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарға толық сай келмейтін көшіруді жүргізетін олардың заңды құзырында тұрған адамдарға қарсы тиісті азаматтық немесе қылмыстық санкциялар қолдануға тиісті. Мемлекет еріксіз көшірудің құрбаны болған немесе болу тәуекелінде тұрған немесе одан қорғануға талаптанғандардың бәріне барабар және тиімді құқықтық немесе қорғаудың өзге тиісті құралдарын қамтамасыз етуге міндетті.

23. Мемлекеттер барлық адамдардың жетімді тұрғын үйге өздерінде бар ресурстарды пайдалану құқығының тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге шаралар қабылдаулары тиісті. Мемлекет жеке адамдарды, топтарды және қауымды адам құқықтары саласында қолданыстағы халықаралық стандарттарға жауап бермейтін көшіруден қорғау үшін тиісті заңнамалық және саяси шаралар қабылдауға тікелей міндеттеме алады⁵.

⁴ Осы басшылыққа алатын нұсқауларда жалпы игілік үшін қызметтерде олардың халықаралық құқық қорғау міндеттемелеріне, атап айтқанда халықтың барынша осал топтарының құқықтарын құрметтеуді қамтамасыз ету үшін мемлекеттің қабылдайтын шаралары түсініледі.

⁵ Қараңыз. № 3 жалпы тәртіптегі ескерту - Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет 1990 жылы қабылдаған қатысушы мемлекеттер міндеттемелерінің табиғаты.

24. Кемсітушіліктің нормативті де, сондай-ақ өзге де нысандарының бірде-бірі жетімді тұрғын үйге адамның құқығын пайдалану мүмкіндігіне теріс ықпал жасамауын қамтамасыз ету үшін мемлекет осы саладағы заңнаманың және саясаттың олардың адам құқықтары жөніндегі халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді шолулар жүргізуге тиісті. Осындай кешенді шолулар барысында мемлекеттік қызметтерді жекешелендіруге, мұрагерлікке және мәдени практикаға қатысты қолданыстағы заңнаманың, ереженің және саясаттың еріксіз көшіруді туындатпауына және ынталандырмауына назар аударылуға тиіс⁶.

25. Еріксіз көшіру практикасынан олардың заңды құзырында тұрған барлық адамдарды барынша тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттер қазіргі уақытта осындай кепілдіктері жоқ барлық адамдарға, үй шаруашылықтарына, оның ішінде тұрғын үйге және жерге ресми құқықтық лауазым иеленбегендердің барлығына пайдалану құқығын заңды ресімдеу үшін шұғыл шаралар қабылдаулары тиісті.

26. Мемлекеттер еркектер мен әйелдерге жетімді тұрғын үй құқығымен пайдаланудың тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге тиісті. Бұл үшін мемлекеттер еріксіз көшіруден әйелдерді қорғау үшін арнайы шаралар қабылдауы керек. Мұндай шаралар барлық әйелдерге тұрғын үйге және жерге құқықтық лауазымдар беруді көздеуі тиіс.

27. Мемлекеттер, оның ішінде сауда және инвестициялық қызметті, жанжақты форумдардың және ұйымдардың жұмысын дамытуға және қатысуға көмек шеңберінде міндетті құқық қорғау стандарттарының есебін қамтамасыз етулері тиіс. Мемлекеттер халықаралық ынтымақтастық процесінде⁷ олардың донорлар немесе бенефициар екендіктеріне қарамастан, Адам құқықтары саласында өз міндеттемелерін орындауға міндетті. Мемлекеттер ұсынылған халықаралық ұйымдардың халықаралық құқықтар нормаларымен және осы басшылыққа алатын нұсқаулармен толық сәйкес келмей жүзеге асырылатын еріксіз көшірумен байланысты болуы мүмкін кез келген жобаларды, бағдарламаларды немесе саясатты қолдаудан немесе жүзеге асырудан қалыс қалуларын қамтамасыз етулері тиіс.

D. Алдын алу стратегиялары, саясат және бағдарламалар

28. Мемлекеттер жеке адамдарды, топтарды және қауымды еріксіз көшіруден және оның салдарларынан тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті стратегиялар, саясат және бағдарламалар әзірлеуге өздерінде бар ресурстарды барынша пайдалана отырып күш салуға тиісті.

29. Мемлекеттер адам құқықтары саласындағы халықаралық нормаларға сәйкес оларды қорғау мақсатында тиісті стратегияларға, саясатқа және бағдарламаларға кешенді шолулар жасауға тиісті. Мұндай шолулар әйелдерге және халықтың маргиналды және осал топтарына қысым жасайтын теңсіздіктің сақталуына немесе тереңдеуіне жәрдемдесетін ережелерді жоюға бағытталуы керек. Мемлекеттер саясаттың және бағдарламалардың тұжырымдамасы немесе жүзеге асырылуы кемсітушілік сипатында болмауына және қалада, сондай-ақ ауылдық жерлерде қайыршылықта тұратындарды одан әрі барынша маргиналды жағдайда қалдырмауына нақты шаралар қабылдаулары тиіс.

⁶ Қараңыз. 2002 жылғы жеткілікті өмір сүру деңгейі құқығының компоненті ретінде жетімді тұрғын үй туралы мәселе бойынша арнайы баяндамашының тұрғын үйге құқық және кемсітушілік туралы мәселе жөніндегі басшылыққа алатын ережелер (E/CN.4/2002/59).

⁷ Қараңыз. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 22-бабы; Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 55 және 56-баптары; Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактінің 2-бабының және 11, 15, 22 және 23-баптарының 1-тармағы; Бала құқықтары туралы Конвенцияның 23-бабының 4-тармағы және 28-бабының 3-тармағы.

30. Мемлекеттер еріксіз көшірудің жермен және жылжымайтын мүлікпен алыпсатарлық операциялар сияқты мынадай себептерінің пайда болуын/жоюды ескерту үшін нақты алдын алу шараларын қабылдауға тиісті. Мемлекеттер тұрғын үй нарықтары мен жалға берілетін жылжымайтын мүліктердің жұмыс істеуіне және реттеуге талдау жасаулары және қажеттігіне қарай халықтың табысы аз және басқа маргинал топтары нарықтық күштердің ықпалымен еріксіз көшіру қорқынышы алдында барынша осалдық танытпаулары үшін шаралар қабылдаулары тиіс. Тұрғын үйге және жерге баға өскен жағдайда мемлекеттер сондай-ақ резиденттерді жеке немесе экономикалық қысым әсерлерінен олардың барабар тұрғын үйлері мен жерлерін тастап кетуге немесе жоғалтуға мәжбүр болған жағдайларында сенімді қорғауды қамтамасыз етуге тиісті.

31. Тұрғын үйі мен жер бөлген кезде халықтың осал топтарына, мысалы, қарттарға, балаларға және мүгедектерге басымдық берілуге тиісті.

32. Мемлекеттер халықтың қоныс аударуы қажеттігінің төменгі деңгейіне жеткізетін стратегияларға ең бірінші назар аударулары керек. Дамуды ойластыру бойынша халықты көшіруді немесе қоныстандыруды талап етуі мүмкін жобаларды жүзеге асыруға кірісер алдында қозғалатын оның ішінде еріксіз көшетін барлық әлеуетті адамдардың, топтардың және қауымның адам құқықтарын толық көлемінде қорғаумен қатар, оларға жан-жақты, кешенді бағалау жүргізулері тиісті. Көшіру салдарларын бағалауға, сондай-ақ залалдың аз келтірілуіне жеткізетін баламалар мен стратегияларды зерттеу қосылуы тиісті.

33. Салдарларды бағалаған кезде әйелдерге және халықтың маргиналды және осал топтарына еріксіз көшірудің түрлі ықпал етулерін ескеру қажет. Мұндай бағалау түрлі салдарларды тиісінше анықтау және талдау жасау үшін дезагрегирленген деректер негізінде жүргізілуге тиісті.

34. Заңгерлер, құқық қорғау органдарының, қалалық және ауылдық жоспарлы органдар мен даму жобасын әзірлеумен, басқарумен және жүзеге асырумен айналысатын қызметкерлерінен халықаралық құқық қорғау нормаларын қолдану мәселелерінде жеткілікті дайындалғандық дәрежесін талап ету және қамтамасыз ету қажет. Атап айтқанда, олар әйелдер құқықтары мәселелері жөнінде әйелдердің тұрғын үйге және жерге қол жеткізу саласындағы нақты проблемалары мен сұраныстарына айрықша акцент бере отырып дайындықтан өтулері тиіс.

35. Мемлекеттер Адам құқықтары мен еріксіз көшіруден қорғаудың заңнамалық және саяси шаралары туралы балама ақпаратты таратуды қамтамасыз етуге тиісті. Көшіру қаупі алдында тұрған өте осал топтар арасында баламалы мәдени тәсілдер мен әдістер тұрғысынан уақтылы және тиісті ақпараттың таралуына ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

36. Мемлекеттер жеке адамдарға, топтарға және қауымға олардың нақты істері ұлттық, өңірлік немесе халықаралық құқықтық органда қаралып жатқан кезеңде еріксіз көшіруден қорғауға кепілдік беруі керек.

III. КӨШІРЕР АЛДЫНДА

37. Көшірілетіндердің барлығы қатысуға тиіс қалалық және ауылдық жоспарлау үрдістеріне мынадай элементтер енгізілуі қажет: а) барлық әлеуетті көшірілетін адамдар тиісті дәрежеде оларды көшіру мүмкіндігі қаралып жатқандығы және ұсынылатын жоспарлар мен баламалардың жұртшылықтың талқылауына шығарылатыны туралы хабардар етілуге тиістігі; б) ресми органдар ақпараттардың, оның ішінде жер мұрағатының және халықтың осал топтарын қорғау үшін нақты шараларды көрсете отырып, қоныстандырудың ұсынылатын кешенді жоспарының деректерінің күні бұрын тиімді таратылуын қамтамасыз ету керектігі; с) ұсынылатын жоспарды, ол бойынша ескертулерді және/

немесе қалыс қалуларды қоғамдық талқылауға ақылға қонымды уақыт бөлінуге тиісті; d) көшірілетін адамдарды олардың барлық құқықтары мен мүмкіндіктері туралы хабардар етумен қатар заңдық, техникалық және өзге көмектер көрсетуге жәрдемдесуге шаралар қабылдануға және мүмкіндіктер берілуге тиісті; және e) көшірілетін адамдар мен олардың өкілдеріне, оның барысында олар көшіру және/немесе балама нұсқалар ұсыну мен өз талап-тілектерін және даму басымдықтарын тұжырымдау туралы шешімді дауласа алатындай қоғамдық тыңдаулар өткізілуі тиіс.

38. Мемлекеттер көшірудің мүмкін болатын барлық баламаларын зерттеуге тиісті. Көшірудің әлеуетті қаупі төніп тұрған барлық адам мен адамдар тобы, оның ішінде әйелдер, байырғы халық пен мүгедектер, сондай-ақ олардың атынан сөйлейтіндердің қажетті ақпараттар, кең көлемде консультациялар алуға және процестің барлық кезеңіне қатысуларына, ресми органдар тиісті дәрежеде қарауға міндетті баламалы тең нұсқалар ұсынуларын құқықтары бар. Егер мүдделі тараптар ұсынылған баламаларға қатысты келісімге келе алмаған жағдайда, шешімді конституциялық өкілеттіктер берілген органдар, мысалы, аралық, арбитраждық немесе сот рәсімдерінің қорытындысы бойынша сот, трибунал немесе омбудсмен қабылдаулары тиіс.

39. Жоспарлау үдерісінде барлық көшірілетін тараптарға, оның ішінде әйелдерге, осал және маргинал топтарға қажеттігіне қарай арнайы шаралар немесе рәсімдер шеңберінде сұхбаттар және консультациялар үшін нақты мүмкіндіктер берілуге тиіс.

40. Көшіру туралы шешім қабылдаудан бұрын өкімет мұндай көшірудің шарасыз болып табылатындығы және ол қоғам игілігі үшін жүзеге асырылатындықтан халықаралық құқық қорғау міндеттемелерімен келісілгендігін көрсетуге міндетті.

41. Көшіру туралы кез келген шешім көшірілуге қатысты болатындардың барлығының назарына күні бұрын жазбаша түрде және жергілікті тілде жеткізілуге тиісті. Көшіру туралы хабарламада қабылданған шешім егжей-тегжейлі негізделуге, мынадай ақпараттар: а) ақылға қонымды баламалардың жоқтығын дәлелдейтін; б) ұсынылатын балама нұсқалардың барлық деталдары; с) баламалар жоқ болған жағдайда көшірудің теріс салдарларын азайту үшін қабылданатын және жоспарланатын барлық шараларды сипаттау қамтылуға тиісті. Түпкілікті шешімдерді әкімшілік немесе сот тәртібімен қайта қарау мүмкіндігі болуға тиісті. Барлық көшірілетін тараптарға сондай-ақ заңгерге қажеттігіне қарай тегін, уақтылы қол жеткізулеріне кепілдік берілуге тиіс.

42. Белгіленген тәртіпте көшіру туралы хабарлама алу көшірілуге жататын адамдарға өз мүлкінің құнына, инвестицияларына және осы үдерісте зиян шегуі мүмкін басқа да материалдық игіліктеріне бағалау жүргізуге көмектеседі және мүмкіндік береді. Көшірілуге жататын адамдарға сондай-ақ тиісті өтемақы алулары үшін материалдық емес шығындарын бағалауға және құжаттауға мүмкіндік берілуге тиіс.

43. Көшіру үйсіз немесе адам құқықтарының бұзылуы мүмкіндігі алдында осал адамдардың пайда болуына жеткізбеуге тиіс. Мемлекеттер қолда бар ресурстарды барынша пайдалана отырып, бірінші кезекте өзін өмір сүру құралдарымен қамтамасыз етуге қабілетсіз адамдар үшін жағдайға қарай тиісті балама тұрғын үйдің болуына және берілуіне немесе құнарлы жерлерге қол жеткізулеріне барлық қажетті шаралар қабылдауға міндетті. Балама тұрғын үй мүмкіндігінше көшірілетін халықтың бастапқы тұрған жеріне және өмір сүру құралдары көздеріне жақын орналасуы тиіс.

44. Қоныстандырумен байланысты барлық қабылданатын тұрғын үй құрылысы, су және электр жабдықтаумен қамтамасыз ету, канализациялық-тазалау құрылыстарын жасау, мектептің және кіре беріс жолдардың құрылысы, сондай-ақ жерлер мен учаскелер бөлу сияқты шаралар осы басшылыққа алатын нұсқаулармен және халықаралық танылған құқық қорғау қағидаттарымен келісілуге және көшірілетін субъектілер өздерінің тұрған жерлерін тастап кеткенге дейін аяқталуға тиісті⁸.

⁸ Қараңыз. Осы басшылыққа алатын нұсқаулардың V бөлімі.

IV. КӨШІРУ БАРЫСЫНДА

45. Адам құқықтары саласындағы стандарттарды құрметтеуді қамтамасыз ететін іс жүргізу талаптарына көшіру кезінде мемлекеттік лауазымды тұлғалардың немесе олардың өкілдерінің міндетті түрде қатысуы жатады. Мемлекеттік лауазымды тұлғалар, олардың өкілдері және көшіруді жүргізуші тұлға көшірілетіндерге таныстырылуға тиіс және оларға көшіру туралы ресми нұсқаманы көрсету керек.

46. Көшіру үдерісіндегі айқындықты және халықаралық құқық қорғау қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету үшін осы үрдіске олардың өтінуі бойынша бейтарап бақылаушыларға, оның ішінде өңірлік және халықаралық бақылаушыларға рұқсат берілуі тиіс.

47. Көшіру адамның қадір-қасиеті мен өмір сүру құқығына және көшірілетін адамдардың қауіпсіздігіне қысым жасамауға тиіс. Бұдан басқа, мемлекеттер көшіру үдерісінде әйелдердің гендерлік зорлық-зомбылық пен кемсітушілік құрбандары болмауын, сондай-ақ балалар құқығын қорғаудың қамтамасыз етілуін қадағалап отыруға тиісті.

48. Заң күш қолдануға жол беретін жағдайларда қажеттілік және барабарлық қағидаттары, сондай-ақ халықаралық құқық қолданудың және құқық қорғаудың стандарттарына сәйкес келетін құқықтық тәртіпті және мінез-құлықтың барлық ұлттық немесе жергілікті талаптарын қолдау бойынша лауазымды адамдардың күш көрсетулерінің және атыс қаруларын қолдануларының негізгі қағидаттары сақталуға тиісті.

49. Көшіру қолайсыз ауа райында, түнгі уақытта, фестивалдар немесе діни мерекелер уақытында, сайлау алдында, мектеп емтихандары уақытында немесе тікелей емтихандар алдында жүргізілмеуге тиісті.

50. Мемлекеттер және олардың өкілдері бірде бір адам, әсіресе, әйелдер мен балалар тікелей немесе жанама агрессияға немесе зорлық-зомбылықтың өзге түрлеріне ұшырамауларына, жоюдың, өртеудің немесе қасақана бұзудың, немқұрайдылықтың немесе ұжымдық жазалаудың кез келген нысанымен байланысты бассыздық нәтижесінде өздерінің меншіктерінен немесе мүліктерінен ажырап қалмауларына шаралар қабылдауға тиісті. Әдейілеп қалдырылмаған меншік және мүлік жойылудан, жөнсіз немесе заңсыз иеленуден, басқарудан немесе пайдаланудан қорғалуға тиісті.

51. Ресми органдар мен олардың өкілдері көшірілетіндерден өздерінің тұрғын үйлерін немесе өзге ғимараттарды бұзуларын талап етуге немесе оларды мәжбүрлеуге тиісті емес. Сол уақытта көшірілетін адамдарға олардың мүліктерін және құрылыс материалдарын құтқаруларын жеңілдетерліктей мүмкіндіктер берілуге тиісті.

V. КӨШІРІЛГЕННЕН KEЙІН: ЖЕДЕЛ КӨМЕК ЖӘНЕ ҚОНЫСТАНДЫРУ

52. Мемлекеттер және әділ өтемақы және қанағаттанарлық балама тұрғын үй немесе реституция беруге жауапкершілік алатын барлық басқа тараптар форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, мұны мүмкіндік болып тұрғанда, көшіргеннен соң бірден жасаулары тиіс. Жағдайларға қарамастан және ешбір кемсітушіліктерсіз құзыретті органдар ең аз дегенде, әсіресе өмір сүруге өзіне қаражат табуға жағдайсыз көшірілген адамдар немесе адамдар тобы тұрақты кепілдік берілген: а) маңызды тамақ өнімдеріне, ауыз суға және санитарлық құралдарға; б) шағын қажетті баспанаға және тұрғын үйге; с) тиісті киім-кешектерге; d) бірінші қажеттіліктегі медициналық қызметтерге; e) өмір сүру құралдары көздеріне; f) малдары үшін жемшөпке, олар бұрынғы уақыттарында тәуелді болған қоғамдық игілік боып табылатын ресурстарға; және g) балаларға білім беруге және оларға күтім жасау мекемелерінің

қызметтеріне қол жеткізулерін қамтамасыз етуге тиісті. Мемлекеттер сондай-ақ кеңейтілген отбасылардың немесе қауымның көшіру нәтижесінде бытырап кетпеулеріне жол бермеуге тиісті.

53. Әйелдердің жоспарлаудың барлық үрдістеріне және қызметтер мен бірінші қажеттіліктегі тауарларды бөлуге тең құқылы қатысуларын қамтамасыз етуге айрықша күш салынуға тиісті.

54. Жеке және психикалық денсаулықтың барынша қол жеткізілетін жоғары деңгейінде адам құқығын қорғау мүддесінде жарақаттары, ауруы немесе мүгедектігі бар барлық көшірілетін адамдарға мүмкіндіктерінше жоғары және жедел медициналық көмек алуға және медициналық емес сипаттағы қандай да бір айырмашылықтарсыз күтім көрсетілуге тиісті. Қажеттігіне қарай көшірілетін адамдар психологиялық және әлеуметтік қызметтерге қол жеткізулері қажет. Мыналарға: а) әйелдер мен балалардың, оның ішінде оларға тиісті жағдайларда әйел жынысты медициналық қызметкерлердің көмегіне, сондай-ақ ұрпақты болу денсаулығын қорғау саласындағы қызметтерге және сексуалдық және зорлық-зомбылықтың өзге нысандарының құрбандары үшін тиісті консультациялық көмекке қол жеткізулеріне жағдай жасауға; б) көшіру және қоныстандыру салдарынан ағымдық медициналық емдеудің үзіліп қалуын қамтамасыз етуге; және с) қоныстану орындарында жұқпалы және инфекциялық, оның ішінде ВИЧ/СПИД ауруларының профилактикасына айрықша назар аудару керек.

55. Қоныстандыруға таңдалған орындар Адам құқықтарының халықаралық құқықтары тұрғысынан жетімді тұрғын үй талаптарына жауап беруге тиісті. Олардың қатарына а) кепілдік берілген иелену; б) қызметтердің, материалдардың, объектілер мен инфрақұрылымдардың, мысалы, ауыз суға, тамақ дайындауға, жылуға және жарық энергиясына, гигиенаға, кір жууға, азық-түлік сақтауға, қоқыс-қалдықтарды жоюға және су бұру жүйесіне, шұғыл қызметтерге, сондай-ақ қажеттігіне қарай, табиғи ресурстарға, жалпы игілік болып табылатын ресурстарға қолжетімділік; с) қол жетімді тұрғын үй; d) суықтан, ылғалдан, ыстықтан, жауыннан, желден және денсаулыққа зиян басқа қауіптерден, конструкциялық қатерлер мен аурулардан және тұрғындардың жеке қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін тұруға жарамды барынша кең тұрғын үйлер жатады⁹. Сенімді деп саналуы үшін жетімді тұрғын үй мынадай маңызды сипаттамаға: тұрғындарға оңашалықты және қол сұғылмаушылықты қамтамасыз етуге; шешімдер қабылдау үрдісіне қатысуға; зорлық-зомбылықтан еркіндікке; және құқықтардың кез келген бұзылулары жағдайында құқықтық қорғау құралдарына қол жеткізуге ие болуға тиісті.

56. Қоныстандырудың осы басшылыққа алатын нұсқаулармен сәйкес келуін айқындау кезінде мемлекеттер қоныстандырудың кез келген жағдайларына байланысты мынадай өлшемдердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті:

а) қоныстандыру саласында осы басшылыққа алатын нұсқаулармен және адамның халықаралық танылған құқықтарымен келісілетін кешенді саясат әзірленбейінше бірде-бір қоныстандыру жүргізілмеуге тиіс;

б) қоныстандыру кезінде әйелдердің, балалардың, байырға халықтың және басқа осал топтардың адам құқықтарының, оның ішінде олардың мүлікті иеленуге және ресурстарға қол жеткізуге құқықтарының қорғалуы тең қамтамасыз етілуге тиіс;

с) заң қоныстандыруды ұсынушы және/немесе жүргізуші субъектіге осымен байланысты барлық шығыстарды, оның ішінде қоныстандыру бойынша барлық шығыстарды жабуға міндеттеуге тиіс;

д) ешқандай көшірілетін адамдар, топтар немесе қауым олардың адам құқықтарына немесе тұрмыс жағдайын тұрақты жақсарту құқықтарына қысым жасалудан зардап шекпеуге тиісті. Бұл

⁹ Қараңыз. № 4 жалпы тәртіптегі ескерту - Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі комитет 1991 жылы қабылдаған жетімді тұрғын үй құқығы.

талап тең дәрежеде өздерінің тұрған орындарында қоныстандыруды қабылдаушы қауым сияқты сондай-ақ еріксіз көшіруге ұшыраған адамдарға да, топтарға да және қауымға да қатысты;

e) көшірілетін адамдардың, топтардың немесе қауымның құқығы алдын ала сол немесе өзге нақты орынға көшіруді толық түсінген келісімге кепілдік берілуі тиісті. Көшіруге ұсынылып отырған орында мемлекет оларға қажетті барлық жайлылықты, қызметтерді және экономикалық мүмкіндіктерді жасауға міндетті;

f) жұмыс орнына барып-қайтудың қаржылық шығыстар және бірінші қажеттіліктегі қызметтерге қол жеткізу уақыттары тұрмысы төмен үй шаруашылықтарының бюджетіне шамадан тыс ауыртпалық түсірмеуге тиісті;

g) қоныстандыру орындары тұрғындардың құқығын психикалық және жеке денсаулықтарына барынша жоғары деңгейде қауіп төндіріліктей ластанған жерлерде немесе ластану көздеріне тікелей жақын жерлерде болмауға тиісті;

h) көшірілетін адамдарға, топтарға немесе қауымға барлық мемлекеттік жобалар мен жоспарлау үрдістерін және тиісті қоныстандыруды, оның ішінде босаған тұрғын үйлерді немесе аумақтарды және оларға ұсынылған бенефициарларды пайдалануды болжамдау туралы ақпаратты жүзеге асыру туралы толық ақпарат ұсынылуға тиісті. Өкілдіктерді қамтамасыз етуге және бұл үрдіске байырғы халықтың, азшылықтың, жерлері жоқ адамдардың, әйелдер мен балалардың қатысуларына айрықша көңіл бөлінуге тиісті;

i) қоныстандырудың барлық үрдісі көшірілетін адамдардың, топтардың немесе қауымның жан-жақты қатысулары арқылы және олармен ынтымақтаса отырып жүзеге асырылуға тиісті. Мемлекеттер атап айтқанда, көшірілетін адамдар, топтар немесе қауым ұсынған барлық балама жоспарларды қабылдауға тиісті;

j) әділ және ашық тыңдаулардан кейін қоныстандыру қажеттігі сақталатын жағдайларда, көшірілетін адамдар, топтар немесе қауым қоныстандырылатын күнге дейін кем дегенде 90 күн бұрын бұл туралы хабарлама алуға тиісті; және

k) мәжбүрлеуге, қысым жасауға немесе қорқытуға жол бермеу үшін қоныстандыру ойдағыдай дәрежеде жергілікті билік органдарының ұсынылған қызметкерлерінің және бейтарап бақылаушылардың қатысуымен жүргізілуі тиіс.

57. Реабилитациялық саясат әйелдер мен маргиналды және осал топтар үшін оларға тұрғын үйге, тамақтануға, суға, денсаулық сақтау мен білім алуға, еңбек қызметімен айналысуға, жеке қауіпсіздігіне және тұрғын үйге қол сұғылмаушылыққа адам құқықтарымен пайдалануға, қатал, адамгершілікке жатпайтын немесе шағымдануда қадір-қасиетін кемсітуге ұшыратпау құқығын және еркін жүріп-тұру құқығын тең пайдалану мүмкіндіктерін берумен қатар бағдарламалар көздеуге тиіс.

58. Көшірілетін адамдар, топтар немесе қауым өздерінің адам құқықтарына шек қойылудан, оның ішінде жетімді тұрғын үй құқықтарын біртіндеп жүзеге асырудан зардап шекпеулері тиіс. Бұл сондай-ақ өздерінің тұрған орындарында қоныстандыруды қабылдайтын қауымға да бірдей дәрежеде қатысты.

VI. ЕРІКСІЗ КӨШІРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚОРҒАУ ҚҰРАЛДАРЫ

59. Еріксіз көшіруге тап болған немесе осындай көшіру қаупіндегі барлық адамдардың құқықтық қорғау құралдарына уақтылы қол жеткізулеріне құқықтары бар. Мұндай құралдардың қатарына әділ

тыңдау, адвокаттың қызметіне қол жеткізу, құқықтық көмек, оралу, реституция, қоныстандыру, реабилитация және өтемақы жатады, олар Адам құқықтары саласында халықаралық нормалардың өрескел бұзылуының және халықаралық гуманитарлық құқықтың маңызды бұзылуының құрбандары үшін құқықтық қорғаудың және зиянның орнын толтыруға қатысты құқықтың Негізгі қағидаттарына және басшылыққа алатын ережелерге мүмкіндігінше сәйкес келуге міндетті.

А. Өтемақы

60. Жалпы игілік үшін көшірудің болмай қалмайтыны сөзсіз және қажет болғанда, мемлекет барлық жоғалған жеке, жылжымайтын және өзге мүліктер немесе заттар үшін, мұндай мүлікке немесе олардың мүддесіне құқықтарды қоса алғанда, әділ және балама өтемақы беруге немесе қамтамасыз етуге міндетті. Өтемақы белгіленген тәртіпте кез-келген экономикалық бағалауға берілетін залалға және бұзылудың күрделілігі мөлшерінде және әрбір жағдайдағы мән-жайларға, оның ішінде опат болуына немесе жарақат алуға; жеке және психикалық зиянға; жіберілген мүмкіндіктерге, атап айтқанда жұмысқа орналастыруға, білім алуға және әлеуметтік жеңілдіктер алуға; материалдық зиянға және айырылып қалған пайдаға, оның ішінде жалақысын жоғалту мүмкіндігіне; моралдық нұқсанға; және құқықтық немесе сараптамалық көмекке, дәрі-дәрмекке және медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ психологиялық және әлеуметтік қызметтерге шамалас берілуге тиісті. Ақшалай өтемақы ешқандай жағдайда жерге нақты өтемақымен немесе жалпы игілік болып табылатын ресурстарға қол жеткізумен ауыстырылуға тиісті емес. Жері тәркіленген жағдайда көшірілетін адам өтемақы ретінде соған ұқсас немесе барынша жоғары сападағы, мөлшердегі, бағадағы жер учаскесін алуға тиіс.

61. Барлық көшірілетін субъектілердің олар өздерінің мүлкіне құқықтық лауазымды иеленетіндігіне немесе иеленбейтіндігіне қарамастан шығындарына, сондай-ақ өзінің көшірілетін мүлкін сақтау және тасымалдау, оның ішінде тұрғын үй ғимаратының және жоғалтқан немесе көшіру үрдісінде бүлінген жерлерінің құнына өтемақы алуларына құқықтары бар. Шеткері, қараңғы, лас тұрғын үй сияқты ресми емес мүліктердің шығынына өтемақы туралы мәселе әрбір істің нақты жағдайына қарай шешілуге тиісті.

62. Ерлер мен әйелдер барлық тағайындалатын өтемақының ортақ бенефициарлары болып табылуға тиісті. Жалғыз басты әйелдердің және жесірлердің жеке өтемақы алу құқықтары болуға тиіс.

63. Экономикалық залалды бағалаған кезде қоныстандыруға қосалқы көмекпен берілетін төлеммен жабылмайтын шығындар мен шығыстар ескерілуге тиісті, мысалы жер учаскелерінің, тұрғын үй ғимараттарының олардың интерьерлері мен инфрақұрылымдарының құны; мерзімі өткен ипотекалық және өзге кредиттермен байланысты өсім; уақытша тұрғын үй шығыстары; әкімшілік және заңды шығыстар; балама тұрғын үй құны; еңбекақы және кіріс шығыны; білім алу мүмкіндігін жоғалту; денсаулығын қорғау және медициналық қызмет, қоныстану және тасымалдау шығыстары (әсіресе өмір сүру құралдары көздерінен алыс орналасқан жағдайда). Көшірілетін тұрғындар үшін тұрғын үй мен жер, соншалықты өмір сүру құралдарының көзі болып табылатын жағдайларда, келтірілген зиян мен шығынды бағалау кезінде, коммерциялық шығындар, сондай-ақ жабдықтар/тауарлық қорлар, мал, жер, жеміс ағаштары шығындары және еңбекақының/кірістердің жойылу/азаюы назарға алынуға тиісті.

В. Реституция және қайтып келу

64. Даму және инфрақұрылым саласындағы (оның ішінде жоғарыда 8-тармақта көрсетілген) жобалармен байланысты еріксіз көшіру сирек жағдайларда реституцияға және қайтып келуге жол береді. Оның үстіне осыған жағдайлар мүмкіндік берсе, мемлекеттер бұл құқықтарды қолдануға еріксіз көшіруге ұшыраған барлық адамдарға, топтарға немесе қауымға басымдық беруге тиісті. Сол уақытта адамдарды, топтарды және қауымды оларды өз үйлеріне, өз жерлеріне немесе туған мекендеріне қайтып келулеріне еріксіз мәжбүрlemeу керек.

65. Қайтып келу мүмкіндігі болып тұрғанда немесе орналастырудың балама жағдайлары осы басшылыққа алатын нұсқауларға сәйкес қамтамасыз етілмесе, құзырлы органдар, оның ішінде қаржы органдары өз үйлеріне немесе тұрған жерлеріне өз еріктерімен, абыроймен және қауіпсіз қайтып келулері үшін жағдайды анықтауға және мүмкіндіктер жасауға тиісті. Құзыретті органдар қайтып келушілерге реинтеграциялануға жәрдемдесулері және көшірілетін адамдардың, топтардың немесе қауымның қайтып келу үрдісін жоспарлауға және жүзеге асыруға толық құқылы қатысулары үшін шаралар қабылдауға тиіс. Тұрмыстық, қауымдық, институционалдық, әкімшілік, құқықтық және маргинализация мен әйелдердің шеттетілуіне жеткізетін өзге гендерлік соқыр сенім-нанымдарды жою мақсатында қайтып келу немесе реституция үрдістеріне әйелдердің толық және тиімді қатысуларын қамтамасыз ету үшін айрықша шаралар талап етілуі мүмкін.

66. Құзыретті органдар қайтып келуші адамдарға, топтарға және қауымға көшіру үрдісіне тастап кеткен немесе басқа қолға өткен мүліктерін және ұсақ-түйек заттарын қайтаруға барынша көмек көрсетуге жауапкершілік алады және міндетті.

67. Үйге қайта оралу және мүліктері мен ұсақ-түйек заттарын қайтару мүмкін болмағанда құзыретті органдар еріксіз көшіру құрбандарына балама өтемақы жасауға немесе өзге нысанда зиянның орнын толтыруға немесе оларды алуға жәрдемдесуге тиісті.

С. Қоныстандыру және реабилитация

68. Барлық тараптар белгілі жағдайларда қайтып келу құқығына басымдық берсе де (оның ішінде жалпы игілікті немесе қауіпсіздікті, денсаулық сақтауды және адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін) дамуды ойластыру бойынша оларды көшірумен байланысты жеке тұлғаларды, топтарды және қауымды қоныстандыру қажеттіліктері пайда болуы мүмкін. Мұндай қоныстандыру әділдік және тең құқылық қағидаттарына және осы басшылыққа алатын нұсқаулардың V тармағында мазмұндалған адам құқықтарының халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүргізілуге тиісті.

VII. МОНИТОРИНГ, БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ШАРАЛАР

69. Мемлекеттер белсенді мониторинг жүргізуге, олардың заңдық құқығында немесе тиімді бақылауында тұрған аумақта жүргізілетін еріксіз көшіруді қоса алғанда, сондай-ақ көшірудің санын, түрлерін және ұзақ мерзімді салдарларын айқындау үшін сандық және сапалық бағалау жүргізуге тиісті. Мониторингтің қорытындылары және алынған тұжырымдар туралы есептер қоғамдық жариялануға берілуге және озық практиканы енгізуді ынталандыру мен негізінде алынған сабақтар жатқан проблемаларды шешу тәжірибесін пайдаланатын тиімді халықаралық субъектілердің назарына жеткізілуге тиісті.

70. Мемлекеттер мониторинг тапсыруға және еріксіз көшіру жағдайларын, сондай-ақ олардың осы басшылыққа алатын нұсқауларды және адам құқықтарының халықаралық құқық нормаларын тәуелсіз ұлттық органдардың, мысалы ұлттық құқық қорғау мекемелерінің сақтауларын тексеруге тиісті.

VIII. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАРДЫ ҚОСА АЛҒАНДА, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ РӨЛІ

71. Халықаралық қоғамдастықтың міндеттерінің бірі тұрғын үйге, жерге және мүлікке ынталандыру, қорғау және адам құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады. Даму мәселесімен айналысатын халықаралық, қаржы, сауда және олармен байланысты басқа органдар мен мекемелер, мүше мемлекеттерді және донор мемлекеттерді қоса алғанда, оларға берілген дауыс беру құқықтарында

адам құқықтарының халықаралық құқықтарында және олармен байланысты стандарттарда көзделген еріксіз көшіруге тыйым салуды толығымен ескерулері тиісті.

72. Халықаралық ұйымдар олар пайдаланатын практикамен немесе олар жүргізетін саясатпен байланысты еріксіз көшіруге шағымдарды қарау механизмдерін құруға немесе іс жүзінде бар осындай механизмдерге қосылуға тиісті. Құрбандарға осы басшылыққа алатын нұсқаулардағы ережеге сәйкес құқықтық қорғау құралдары берілуге тиісті.

73. Трансұлттық корпорациялар және басқа коммерциялық кәсіпорындар өз қызметінің өз ықпал ету саласының шеңберлерінде адамның жетімді тұрғын үйге, оның ішінде еріксіз көшіруге тыйым салу құқығын құрметтеулері тиіс.

IX. ТҮСІНДІРУ

74. Дамуды ойластыру бойынша көшіруге немесе қоныстандыруға қатысты осы басшылыққа алатын нұсқаулар адам құқықтарының халықаралық құқықтарында, босқындық, қылмыстық немесе гуманитарлық құқықтарда және олармен байланысты стандарттарда бекітілген немесе ұлттық заңнамаларда бекітілген және осы нормалармен және стандарттармен келісетін құқықтар шектеуші, өзгертуші немесе өзгеше түрде қысым көрсетуші құқықтар ретінде түсіндірілмеуге тиісті.



**Данная публикация была напечатана при поддержке
Регионального отделения по Центральной Азии
Управления Верховного комиссара ООН по правам человека.**

Управление Верховного комиссара ООН по правам человека (УВКПЧ ООН) работает по всему миру в целях продвижения и защиты прав человека. Мандат Верховного комиссара определен в Резолюции 48/141 от 20 декабря 1993 г. Генеральной Ассамблеи Организации Объединенных Наций.

В июне 2008 г. УВКПЧ ООН подписало Соглашение с Правительством Кыргызской Республики о создании в г. Бишкеке Регионального отделения по Центральной Азии.

